

2024 жылдың қараша айындағы педагогикалық кеңеске дайындалған Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Аңғар негізгі орта мектебі» КММ ыстық тамақты ұйымдастыруды бақылау жөніндегі бракераж комиссиясының жұмысының қорытындысы

Мектебімізде оқушыларға тегін ыстық тамақты ұйымдастыруда жеке кәсіпкер Мукаева Б.К. жұмыс жасайды. Оқушыларға әлеуметтік санаттарына байланысты қолдау көрсету мен көмек беру үнемі жүргізіліп отырады. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорының есебінен әлеуметтік дәрежелеріне байланысты 26 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп оқушыларының асханадан сапалы әрі құнарлы тамақпен қамтылуына байланысты тамақтың сапасын бақылау мониторингін жүргізу комиссиясы және бракераж комиссиясы құрылды. «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрығына сәйкес мектеп асханасының қызметін бақылау үшін бракераж комиссия құрамы бекітілді. Комиссия мүшелері асхананың жұмысын, жалпы балалардың сапалы тамақтануын қадағалап отырады. Сонымен қатар, мектеп медбикесі күн сайын дайындалған тамаққа сынақ жасайды.

Азық-түліктердің сапасының сақталуы санитарлық нормаға сәйкес. Комиссия құрамы жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш – технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуын қадағалу барысында оқыс жағдай болған жоқ. Мектеп асханасы оқушылардың тамақтануына арналған жеткілікті ыдыстармен қамтамасыз етілген. Санитарлық-гигиеналық талаптарға сай

барлық ыдыс-аяқтар мен құрылғылар жуылып, залалсыздандырылады. Мектеп асханасында апталық ас мәзірі ілінген. Апталық ас мәзірі перспективалық ас мәзіріне сәйкес келеді. Мектеп медбикесі дайын өнімдердің сапасын және оның берілуін күнделікті тексеріп, бракераж журналына тіркеп отырады. Отандық өнімдерді пайдалану барысында сертификаттар жинақталып отырады. Оқушылардың сапалы тамақтануына байланысты жұмыстар жалғасын табуда.

Әлеуметтік педагог: *Ахметқали* Ахметқали А.Б.